



6. «Жол картасы» шеңберінде әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан нысаналы топқа жататын азаматтардың орташа еңбек ақысы 30 000 теңгені құрайды, оның ішінде 15 000 теңге республикалық бюджеттен, 15 000 теңге жұмыс берушінің қаржысы есебінен.

7. Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы еңбек заңдылықтарына сәйкес әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан нысаналы топқа жататын азамат пен жұмыс беруші арасында жасалған еңбек келісім шартымен анықталады.

8. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға ұсыныс жасаған жұмыс берушілерді іріктеу ресми ұсыныс түсу ретінде сай кезек тәртібімен жүзеге асырылады.

9. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

10. Қаулының орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Ж. Шоқаевқа жүктелсін.

*Үржар ауданының әкімі*

*Б. Жанақов*